

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым
министрлігі

Д. Серікбаев атындағы
ШҚМТУ

Министерство
образования и науки
Республики Казахстан

ВКГТУ им Д. Серикбаева

БЕКІТЕМІН
ЭжМ Ф Деканы

Е.В. Варавин

« ____ » _____ 2014г.

6М050800 «Есеп және аудит» мамандығы бойынша педагогикалық
Іс - тәжірибеден өтуге арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Өскемен
Усть-каменогорск
2014ж.

Әдістемелік нұсқаулар 6M050800 «Есеп және аудит» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты сәйкес құрастырылды және «Қаржы, есеп және салық салу» кафедрасының отырысында талқыланды және бекітілді.

Қаржы, есеп және салық салу кафедра отырысында талқыланды

Кафедра меңгерушісі

О. Куур

№ 2 хаттама 09 қыркүйек 2014ж.

Экономика және менеджмент факультеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды

Төрайымы

Г. Пестунова

№ 2 хаттама 20 қазан 2014ж.

Дайындады
Доцент

Г. Джемпеисова

Норма бақылаушы

Т. Тютюнькова

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1 Іс-тәжірибенің мақсаты мен міндеті	5
2 Педагогикалық іс-тәжірибенің құрылымы және мазмұны	6
2.1 Іс-тәжірибе құрылымы	6
2.2 Оқу – әдістемелік жұмысытың мазмұны	6
3 Педагогикалық іс-тәжірибенің ұйымдастырылуы	8
4 Іс-тәжірибе жетекшісінің міндеті	9
5 Магистранттың міндеті	10
6 Іс-тәжірибе бойынша есеп берудің құрылымы	11
7 Педагогикалық іс-тәжірибе бойынша есеп берудің рәсімделуі	12
8 Іс-тәжірибе есеп беруін қорғау	13
Қосымшалар	14

КІРІСПЕ

Магистранттардың іс-тәжірибесі жалпы магистранттық дайындық тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылады. Іс-тәжірибенің негізгі мақсаты педагогикалық қызметпен байланысты технологиялық білімді қолданудың қалыптастырлуымен бекітіледі, соның ішінде оқу процесін ұйымдастыру және конструкциялау, жобалау қызметі енеді. Педагогикалық іс-тәжірибеден өткен кезде магистранттар оқу және ұйымдық – әдістемелік қызметті үйрену дағдысын алуға міндетті, қйткені оларда бакалавр және магистратурада алған теориялық білімдерін студенттерге жүйелі түрде жеткізе білу қасиеттері қалыптасуы керек. .

Іс-тәжірбие қоғамдық нормаларды меңгере отырып, педагогиканың мүлде жаңа бір саласына қосылу арқылы, сонымен қатар болашақ магистранттардың жеке іскерлік мәдениетін қалыптастыра отырып, магистранттың жеке тұлғасын дамыту процесіне көмекгін тигізуі керек.

1 ІС-ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Магистранттың жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі» педагогикалық тәжірибесі жоғарғы оқу орнында білім беру процесін жобалауға, оқу сабақтарын конструкциялауға және талдауға, педагогикалық еңбек мәдениетінің маңызды элементтерін құруға бағытталған, негізгі білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды кәсіптік дайындаудың маңызды құраушысы болып табылады.

Магистранттарда оқу іс-тәжірибесі ғылыми және педагогикалық бағытта дайындықты көздейді, және бекітілген оқу жоспарына сәйкес, 2 семестрде жүргізіледі, жүктеме көлемі – 3 кредит, ұзақтығы – 3 апта.

Педагогикалық іс-тәжірибенің мақсаты магистратураны бітірушілерде жоғарғы оқу орны оқытушыларының кәсіптік дағды жүйесін құруын қалыптастыру, магистрантты оқытушы және студенттік топ кураторы қызметін орындауға дайындау.

Магистранттардың педагогикалық тәжірибесінің негізгі міндеті төмендегілерге саяды:

психолог – педагогикалық және магистратуралық бағдарламаның арнайы пәндері бойынша теориялық білім жүйесін бекіту және кеңейту;

білім беру қызметіндегі нормативті құжаттардың құрылымы және мазмұнын оқу;

«Қаржы, есеп және салық салу» кафедрасының жетекші оқытушыларымен пәндерді оқыту тәжірибесін меңгеру;

магистранттың дағдысын және жалпы педагогикалық машықтануды қалыптастыру, соның ішінде оқу материалдарын таңдауға және сабақ беруді ұйымдастыра білуге дағдылану;

оқытудың қазіргі заманға сай формалары мен әдістерін қолдануды және таңдуды дағдылау және дамыту;

оқытудың қазіргі заманғы ақпараттық құралдарын қолдану;

педагогикалық қызметке творчестволық тәсілдер құру;

Педагогикалық іс-тәжірибе төмендегідей көмек көрсетуі керек;

- жоғарғы мектеп оқытушыларының кәсіпқой дағдысының дамуына және қалыптасуына;

- педагогикалық өнердің негізін білу, жеке оқу – тәрбиелеу және оқытушы жұмысын дербес жүргізе білу дағдысы меңгеру.

2 ПДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕНІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Магистрант іс-тәжірибеден өту кезінде жоғарға оқу орнының барлық бөлімшелері және кафедраның барлық педагогикалық және ұйымдастыру жұмыстарына қатысады. Магистранттар іс-тәжірибеден өту барысында педагогикалық қызметтің келесі түрін атқарады: оқу – әдістемелік, оқу және ұйымдастыру – тәрбиелік. Педагогикалық іс-тәжірибе оқу материалдары жасауды және сабақты өткізуді көздейді.

Педагогикалық қызметтің барлық түрлерінің нақты мазмұны магистранттың педагогикалық іс-тәжірибесінің жеке күнтізбелік жоспарында көрсетіледі. Іс-тәжірибені өтудің жеке жоспарын жасау кезінде оқытушының жеке жоспарының құрылымымен мақсатқа лайықты танысу керек.

2.1 Іс-тәжірибенің құрылымы

Іс-тәжірибенің бағдарламасына дайындық, негізгі, қорытынды кезендері енеді.

1 Дайындық кезеңі

1.1 Іс-тәжірибені орындаудың жеке күнтізбелік жоспарын дайындау іс-тәжірибе жетекшісінің тапсырмасына сәйкес құрылады.

1.2 Іс-тәжірибенің ақпараттық – әдістемелік базасымен танысу.

1.3 Оқу сабақтары жүргізілетін анықталған пәндерге әдістемелік материалдар дайындалды.

2 Негігі кезең

2.1 Әр түрлі оқу пәндері бойынша университет оқытушыларының сабақтарына қатысу және талдау жасау (үш реттен кем емес қатысу);

2.2 Оқу курсына әдістемелік қамтамасыз етуді жасау үшін, қажетті ақпараттарды дайындау (курстың жұмыс бағдарламасын талдау);

2.3 Оқу сабақтарын өткізу үшін қажетті таратпа материалдарды және сабақ сценарийін дайындау;

2.4 Дәрістің өтуі және дәрісті өзіндік талдау (төрт реттен кем емес дәріс).

2.5 Кәсіби – бағытталған жұмыс (студенттер топтарына жетекшілік ету).

3 Қорытынды кезең

3.1 Іс-тәжірибе бойынша есеп беруге дайындық.

3.2 Есепті қорғау.

2.2 Оқу – әдістемелік жұмыстың мазмұны

Тәжірибие уақытында магистрант орындауға тиіс:

- ШҚМТУ білім беру қызметін нормативті қамтамасыз ететін құжаттарын оқуға;

- жетекші дәріс жүргізуші оқытушыларыдың дәрісіне қатысып және талдау жасауға;

- оқыту курсын өткізу үшін қажет, әдістемелік материалдарды жасауға;

- кафедраның әдістемелік семинарында немес әдістемелік конференцияда

баяндамалар жасауға.

Оқу жұмысы магистранттың әр түрлі педагогикалық шараларға тікелей қатысуын қарастырады, мысалы: дәріс, семинар, тәжірбиелік сабақ, МОӨЖ, кеңесберулер. Магистранттың оқу сабақтарын оқытушымен бірге өткізуіне болады (мысалы, дәрістер, тәжірбиелік сабақтар) және өз бетінше тәжірбиелік сабақ, МОӨЖ сияқты. Дәріс мақсатты түрде магистранттың ғылыми ізденіс бағытымен пән бойынша жүргізіледі. Дәрістің нақты тақырыбын магистранттың жетекшісі анықтайды. Мақсатты түрде дәрістің компьютерлік сыныптарда өтуін қарастыру керек.

Ұйымдастырылған – тәрбиелік жұмыс студенттерді бітіртіп шығаратын кафедраның ғылыми-әдістемелік жұмысына магистранттардың қатысуын көздейді. Ұйымдастырылған – тәрбиелік жұмысының ең маңызды құраушысы болып магистранттың студенттер тобына жетекшілік етуі табылады.

Магистранттардың педагогикалық тәжірбиесі төмендегідей нысанда өтуі мүмкін:

- магистрлік диссертация жетекшісімен анықталған және магистранттың ғылыми қызығушылығы бағытына сәйкес тақырып бойынша дәріс дайындауға және тәжірбиелік сабақтар өткізуге магистранттың қатысуы;

- студенттермен сабақ жүргізудің инновациялық әдістерін жасауы;

- ғылыми жетекші тапсырмасы бойынша іскерлік ойын кейстерін, тәжірбиелік жұмыстар үшін материалдар дайындау, есептер құрастыру; анықталған басқа да жұмыстар.

- ғылыми жетекшімен анықталған, басқа да жұмыс түрлері.

3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Іс-тәжірибенің ұйымдастырылуы сапалы білім берудің түпкі түйініне, магистранттың педагогикалық салада өзін – өзі оқытуда белсенділігіне, әлеуметтік жетістіктерге жету, сонымен қатар кафедраның ақпараттық – әдістемелік базасын дамытуға қатысуына негізделген.

Іс-тәжірибе бағдарламасын орындауға арналған қажетті теориялық дайындықтарды барлық магистранттар «Педагогика» және «Психология» пәндерін оқу процесінде алады.

Экономика және менеджмент факультеті және «Қаржы, салық және салық салу» кафедрасы тәжірибені өткізудің негізгі базасы болып табылады. Іс-тәжірибені өткізудің көлемі мен мерзімін негізгі оқу бағдарламасы бойынша дайындық бағытындағы оқу жоспарымен анықтайды. Оқу – әдістемелік басқармамен жасалған оқу жылының академиялық күнтізбесімен тәжірибе мерзімі анықталады. Іс-тәжірибеден өту мерзімі, тәжірибе жетекшісі, есеп беру мерзімі университеттің бұйрығымен бекітіледі.

Іс-тәжірибені жүргізуге дайындық және оның басырысын бақылау тәжірибе жетекшісімен іске асады.

4 ІС-ТӘЖІРИБЕ ЖЕТЕКШІСІНІҢ МІНДЕТІ

Іс-тәжірибе жетекшісінің негізгі міндеті:

- магистрантпен бірге іс-тәжірибеге жеке тапсырмалар құру;
- тәжірибенің мақсаты мен міндетін, оның бағдарламасын және есеп беру нысанын, есеп беруге рәсімдеудің негізгі талабын түсіндіру;
- магистрантқа берілген оқу тапсырмаларының көлемін және сипатын анықтау;
- оқу дәрістерінің мазмұны және құрылымы жайлы сұрақтарға кеңес беру, оқу жоспарын бекіту.
- әдістемелік қамтамасыз етуді дайындау және таңдау жайлы сұрақтарға кеңес беру;
- іс-тәжірибе бойынша тапсырманың нұсқаларын құруға қатысу және іс-тәжірибе нәтижесін бағалау.

Негізгі білім беру бағдарламасы бойынша магистрантты дайындау спецификасы есебімен іс-тәжірибе мақсатынан басқа, тапсырма іс-тәжірибе жетекшісімен құрастырылады.

5 МАГИСТРАНТТЫҢ МІНДЕТІ

Педагогикалық іс-тәжірибе кезінде магистрант міндетті:

- іс-тәжірибені орындауға арналған мерзімді қатаң түрде сақтауға;
- күнтізбелік жоспарға сай іс-тәжірибе бағдарламасын орындауға;
- іс-тәжірибе жетекшісі мен тұрақты түрде кездесіп тұруға, ағымдағы жұмыс жайында және оқу топтарының жұмысының нәтижесі жайлы мәлімет беруге;
- педагогикалық тәжірибе жайлы есеп беруді уақытында дайындау және өткізуге.

Педагогикалық іс-тәжірибе, іс-тәжірибе бағдарламасының барлық талаптарын магистрантпен орындаған жағдайда аяқталған болып есептеледі.

6 ІС- ТӘЖІРИБЕ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Магистрант іс-тәжірибенің қорытындысы бойынша есеп беруі керек, есеп төмендегілерді қамтуы тиіс:

- 1) педагогикалық іс-тәжірибеге тапсырма;
- 2) күн тізбелік жосар (қосымша А);
- 3) іс-тәжірибе тапсырмасына сәйкес жасалынған оқу – әдістемелік құжат;

Магистрант құжатты рәсімдеу процесінде құжаттың дұрыс рәсімделуіне мән беруі керек:

- магистранттың күнтізбелік жоспары, орындалғаны жайында белгісі бар педагогикалық іс-тәжірибе тапсырмасы негізінде жасалады;

- барлық оқу – әдістемелік құжаттарда сәйкес оқу пәндерін беретін, оқытушылардың қолы болуы керек;

- іс-тәжірибе бойынша магистранттың педагогикалық іс-тәжірибес жеке жоспарымен және тапсырмасына сәйкес орындалған жұмыстың барлық түрлері бейнеленуі керек.

«Оқу – әдістеме жұмысы» бөлімінде оқу сабақтарының талдауын көрсету керек (қосымша Б).

«Оқу жұмысы» бөлімінде оқу сабақтарының жоспар – конспектісін, өткізілген сабақтың өзіндік талдауының қорытындысын келтіру керек (қосымша В).

«Ұйымдастыру – тәрбиелік жұмыс» бөлімінде студенттер бағытының профилі бойынша іс-шаралар сипатын белгілеп қою керек.

Іс-тәжірибеден өту жайлы есеп беруде магистрантпен жасалған жұмыстың сипаттамасын қосу керек. Еркін нысанда іс-тәжірибенің жеке күнтізбелік жоспарымен сәйкес педагогикалық іс-тәжірибені өту нәтижелері баяндалады (А қосымшасын қараңыз). Есеп беруге қосымша ретінде «есеп беру нысандары» жолында көрсетілген, дәріс мәтіні немесе дәріс жоспары және/немесе семинар сабақтары, құрастырылған іскерлік ойындар, есептер тіркеледі.

7 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРУДІҢ РӘСІМДЕЛУ ЕРЕЖЕСІ

7.1 Педагогикалық іс-тәжірибе бойынша есеп беру компьютерді қолданумен баспа түрінде орындалуы керек және А4 форматты ақ қағаз бетінің біржағында бір жиілік арқылы принтердің көмегімен жасалуы керек. Әріп көлемі – қарапайым, 14-ші кегль.

Есеп мәтіні баспа түрінде мына аралықтарды сақтай отырып жазылуы қажет: оң жағынан – 30 мм, жоғары жағы – 20 мм, сол жағы – 10 мм, төменгі жағы – 25 мм.

Компьютердің мүмкіншілігін қолдана отырып яғни, белгілі бір терминдерді, формулаларды, теоремаларды ерекше етіп белгілеуге басқа әріп көлемін қолдануға рұқсат етіледі.

7.2 Есеп берудің құрылымдық элементі болып табылады:

- титулдық бет (Қосымша Г);
- педагогикалық іс- тәжірибеге тапсырма;
- педагогикалық іс- тәжірибе күнтізбелік жоспары;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- қолданылған әдебиеттер тізімі;
- қосымша.

Есеп берудің құрылымдық элемент атаулары «Мазмұны», «Кіріспе», «Қорытынды», «Қолданылған әдебиеттер тізімі» есеп берудің құрылымдық элементінің атаулық қызметін атқарады.

7.3 Есептің беттерін барлық мәтін бойынша тура нөмірлеуді сақтай отырып араб сандарымен белгілеу қажет. Беттердің рет саны беттің соңының ортасына нүктесіз қойылады. Титулдық бет жалпы нөмірленген беттердің құрамына енеді. Титулдық бетке рет саны қойылмайды.

7.4 Қосымша есеп берудің жалғасы ретінде рәсімделеді. Мәтінде барлық қосымшаға сілтеме жасалуы тиіс. Қосымшаны мәтінде берілген сілтеме реті бойынша орналастырады. Әр қосымшаны жаңа беттен жоғарғы жағына «ҚОСЫМША» сөзін жолдың ортасына жазып бастаған жөн.

8 ІС-ТӘЖІРІБЕ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРУДІ ҚОРҒАУ

Күнтізбелік жоспарға сай кафедрада іс-тәжірибе бойынша есеп беруді қорғау және өткізу мерзімі бекітіледі.

Есеп беруді қорғау іс-тәжірибе жетекшісіне жеке қорғау нысанында немесе кафедраның әдістемелік семинары нысанында өткізілуі мүмкін.

Магистрант іс-тәжірибенің нәтижесін қорғаған кезде алынған нәтижені жариялайды, қойылған сұрақтарға жауап береді, жеке өзінің қорытындысы мен ұсынысын айтады.

Педагогикалық іс-тәжірибенің есеп беруін қорыта келе магистрант тиісті бағасын алады, ол ведомостқа және сынақ кітапшасына қойылады.

Баға қойыларда келесі факторлар ескеріледі:

тәжірибе бағдарламасының толық орындалғаны;

кәсіби – педагогикалық біліктіліктің жиынтық деңгейі;

болашақ оқытушылардың кәсіби бағытының деңгейі және әлуметтік белсенділік (педагогикалық мамандыққа қызығушылық, белсенділік, жұмысқа деген жауапкершілік және творчестволық қатынас);

оқу – тәрбие жұмысының өткізілген жеке формаларының сапасы және нәтижелілігі;

оқу сабақтарын жүргізудің өзіндік талдауын және талдау деңгейін;

есеп берудің сапасы.

ҚОСЫМША А

Іс-тәжірибенің күнтізбелік жоспарының орындалуының мысалы

Қазақстан Республикасының ғылым және білім министірлігі

Д. СЕРИКБАЕВА атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ ФАКУЛЬТЕТІ

«Қаржы, есеп және салық және салық салу» кафедрасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕНІҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

Магистрант мамандығы _____
курс _____
АЖТ _____
Жетекші (АЖТ) _____

1 Іс-тәжірибе өткен мерзім: _____

2 Өткен орын: _____

3 Педагогикалық іс-тәжірибе жоспары:

№ кезеңдер	Шаралар	Орындалу мерзімі	Есеп беру нысаны
	Семинар өткізілген пән _____ тақырыбы: _____ топ студенттері _____		Семинар жоспары
	Дайындалған дәріс мәтіні : _____ топ студенттері үшін _____		Дәріс мәтіні(тезисы)

Магистрант қолы _____

Іс-тәжірибе жетекшісінің қолы _____

ҚОСЫМША Б

Сабаққа талдау

1 Сабақ өткізуші оқытушы: _____
(А.Ж.Т., дәрежесі, лауазымы)

2 Пән атауы _____

3 Дәріс нысаны (семинар, тәжірбиелік сабақ, басқа) _____

4 Контингент (факультет, курс, топ) _____

5 Сабақ тақырыбы _____

6 Сабақ өткізудің негізгі сапасының сипаты _____

7 Пәннің тақырыбына сай мазмұндама _____

8 Сабақ өткізудің тәсілі мен нысаны _____

9 Сабақтағы студенттердің белсенділігі _____

10 Сабақтан алынған жалпы әсер _____

11 Магистранттың сабақ өткізуіне ұсыныс _____

Сабақ өткізген ұстаздың аты жөні _____ А. Ж. Тегі

Магистрант қолы _____ А. Ж. Тегі

Сабақ өткізілген мерзімі

ҚОСЫМША В

Сабақ жоспар-конспектісі

1 Сабақ өткізген магистрант:

(А.Ж.Т, мамандық, топ) _____

2 Сабақ атауы _____

3 Сабақ нысаны (семинар, тәжірбиелік сабақ, басқа) _____

4 Контингент (факультет, курс, топ) _____

5 Сабақ тақырыбы _____

6 Тапсырмалар _____

7 Сабақ мазмұны _____

8 Сабақ өткізудің әдістері мен нысандары _____

9 Студенттердің сабаққа белсенділігі _____

10 Магистранттың өзін – өзі бағалауы (қиыншылықтар мен нәтижелер) _____

11 Жетекші оқытушының ұсынысы (бағалау) _____

Оқытушының қолы _____ А.Ж.Т.

Магистрант қолы _____ А.Ж.Т.

Оқу мерзімі _____

ҚОСЫМША Г

Титулдық бетті рәсімдеу үлгісі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Факультет Экономика және менеджмент

Кафедра Қаржы, есеп және салық салу

педогогикалық іс-тәжірибені өту бойынша

ЕСЕП

Магистрант Итекпаев Дидар Фаритұлы курс 1_топ 14 – МБУК – 1
мамандық 6M050800 «Есеп және аудит»

(шифр, мамандық атауы)

Итекпаев Дидар Фаритұлы

(студенттің Аты – жөні, тегі)

Іс-тәжірибені өту орны:

(кәсіпорын, ұйым атауы)

Іс-тәжірибе мерзімі:

«» 201 ж. «» 201 ж.

Ұйымнан тағайындалған іс-тәжірибе жетекшісі:

қолы/(Аты – жөні, тегі , лауазымы)

Ұйымның мөрі

Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-дан тағайындалған іс-тәжірибе жетекшісі:

қолы/(Аты – жөні, тегі, дәрежесі, атағы, лауазымы)

ӨСКЕМЕН 2014